«ЖІТІҚАРА АУДАНЫ
СТЕПНОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА
СТЕПНОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ЖИТИКАРИНСКОГО РАЙОНА»

ӨКІМ

2026 ж. 23 сәуір
Степное ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 24
село Степное

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) жүзеге асыру кезінде өнім берушіні анықтау туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 5, 6-тармақтарына, сондай-ақ Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес:

1. Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен Степное ауылдық округінің аумағын абаттандыру қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізуге жауапты Бакатнюк Олеся Ивановнаға:

– Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 6) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып, өнім берушіні айқындау;

– веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын өнім берушіге жолдау;

– шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, бекітілген нысан бойынша бір көзден алу тәсілімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру.

3. Бір көзден алу тәсілімен шартты тікелей жасасу туралы шешім қабылдау және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 1-тармағында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуына жауапкершілік өзіме жүктелсін.

И. Ходзинский

000590